

Үй жануарларын серуендетуге не өзге мақсатта жануарлармен жүруге тыйым салынған орындарды айқындау туралы

Түркістан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 7 сәуірдегі № 125 қаулысы "Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 9-бабының 1-2-тармағына сәйкес, Отырар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес үй жануарларын серуендетуге не өзге мақсатта жануарлармен жүруге тыйым салынған орындарды айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Жолдыбай

2026 жылғы 7 сәуірдегі

№ 125 қаулыға қосымша

Үй жануарларын серуендетуге тыйым салынған орындар

1.	Мектепке дейінгі балалар ұйымдарының аумақтары;
2.	Білім беру ұйымдарының аумақтары;
3.	Дене шынықтыру-спорттық ұйымдардың аумақтары ;
4.	Медициналық және емдеу ұйымдарының аумақтары ;
5.	Мәдениет ұйымдарының аумақтары;
6.	Балалар мен спорттық ойын алаңдарының аумақтары;
7.	Адамдар шомылуға рұқсат етілген аумақтар;
8.	Тыйым салу белгілері орнатылған, серуендеуге арналмаған аумақтар.

Өзге мақсатта жануарлармен жүруге тыйым салынған орындар

1.	Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары (көзі әлсіз көретін адамдарға арналған қызметтік иттер мен жетелеуші иттерден басқа);
2.	Сервистік қызмет көрсету азық-түлік дүкендерінің сауда және өндірістік залдары;
3.	Мәдени мекемелер (иттер қатысатын көрмелер, ойын-сауық және бұқаралық іс-шаралар өткізу жағдайларын қоспағанда);
4.	Діни ұйымдар (бірлестіктер);

5.	Балалар ұйымдарының үй-жайлары;
6.	Білім беру ұйымдарының үй-жайлары;
7.	Медициналық ұйымдардың үй-жайлары.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК